



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№

Астана қаласы

город Астана

Қол қою, сондай-ақ ведомствоаралық кеңестерге қатысу және онда мемлекеттік органның ұстанымын білдіру құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 44-бабының 3-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы 10-тармағының 1) тармақшасын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің (ведомстволардың, департаменттердің, дербес басқармалардың басшылары) басшыларына мынадай құжаттарға:

1) депутаттық сауалдарға, Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Премьер-Министрінің, Президенті Әкімшілігінің басшы жұмыскерлерінің және Үкімет Аппаратының тапсырмаларын орындау үшін жіберілген хаттарға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ұстанымын қамтитын хаттарды қоспағанда, мемлекеттік органдардың сұрау салуларына жауап ретінде жіберілетін хаттарға;

2) «Атамекен» ҰКП-ға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамаға, аккредиттелген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жіберілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар беру туралы хаттарға;

3) Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарына жіберілетін хаттарға;

4) есептік ақпарат, кеңестерге, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысуға кандидатуралар беру туралы мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, өзге де заңды тұлғаларға жіберілетін сұрау салуларға;

5) жеке және заңды тұлғалардың арыздарына берілетін жауаптарға;

6) жеке және заңды тұлғалардың хабарларына, үн қосуларына, ұсыныстарына берілетін жауаптарға, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабы бойынша жолданымды қайта жіберу туралы хаттарға қол қою құқығы берілсін.

2. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болмаған кезеңде осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы олардың міндеттерін атқаратын адамдарға беріледі.

3. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болмаған жағдайда олардың міндеттерін атқаратын адамдарға ведомствоаралық кеңестерге қатысуға және олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрліктің ұстанымын білдіруге уәкілеттік берілсін.

4. «Қол қою, сондай-ақ ведомствоаралық кеңестерге қатысу және онда мемлекеттік органның ұстанымын білдіру құқығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 280-НҚ бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі**

А. Балаева

Согласовано

24.10.2023 10:01 Кабланбекова Гульжихан Адильбековна

Подписано

26.10.2023 12:17 Балаева Аида Галымовна

